

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 61 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 9 сәуірде № 7526 тіркелді

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушының қызметін жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5406 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 14 қаңтарда № 5 (1428) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесінде :

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р » ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ережеде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) биржадан тыс бағалы қағаздар нарығы баға белгілеу ұйымының (бұдан әрі – баға белгілеу ұйымы) ақпараттық жүйесі – пайдалану және қолдау көрсетуді баға белгілеу ұйымы жүзеге асыратын бағалы қағаздарға баға белгілеуді алмасу жүйесі;

2) екіжақты баға белгілеу – қаржы құралын сатып алу бағасын, сол сияқты сату бағасын да қамтитын баға белгілеу;

3) индикативті баға белгілеу – жарияланған сауда-саттықты ұйымдастырушының

мүшесін (клиентін) осы баға белгілеу негізінде мәміле жасауға міндеттемейтін және жарияланған сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесі (клиенті) осы баға белгілеу негізінде сауда-саттықты ұйымдастырушының басқа мүшесімен (клиентімен) келіссөздер нәтижесінде осы баға белгілеуді өзгерту және осы баға белгілеу негізінде мәміле жасасудан бас тарту құқығымен мәміле жасайды деп түсіндірілетін баға белгілеу ;

4) қаржы құралымен мәмілені орындау (мәміле орындау) – осы мәміле тараптарының осы мәміледен туындайтын міндеттемелерді орындау арқылы қаржы құралымен жасасқан мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру;

5) қатаң баға белгілеу – жарияланған сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесіне (клиентіне) осы баға белгілеу негізінде мәміле жасау жөнінде міндеттеме жүктейтін баға белгілеу ;

6) қор биржасын растау жүйесі (растау жүйесі) – қор биржасына қосылған тұлғаларға сауда жүйесінде осы тұлғалар атынан, осы тұлғалардың тапсырмалары бойынша, не осы тұлғалардың немесе олардың клиенттерінің мүддесіне қаржы құралдарымен жасалған немесе жасалатын мәмілелер туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін және алынған мәліметтерді өңдеу негізінде қор биржасына осындай мәмілелерге растамалар беруге (жасалған немесе жасалатын мәмілелер шарттарының олар жасалуы тиіс немесе жасалуы мүмкін шарттарға сәйкестігі туралы хабарламалар), не осындай мәмілелерді растаудан бас тартуға мүмкіндік беретін қор биржасының бағдарламалық-техникалық кешені;

7) қор биржасының ресми тізімі (ресми тізім) – қор биржасының тізіміне енгізілетін және онда болатын қаржы құралдары және осы қаржы құралдарының эмитенттері листинг талаптарына сәйкес келуі тиіс қор биржасы тізімінің бөлігі;

8) лот - бұл : қаржы құралымен сауда жасау бірлігі; осы қаржы құралы бойынша өтінім мөлшері тең немесе еселі болуға тиіс қаржы құралының саны ;

9) маркет-мейкер – қор биржасы маркет-мейкер ретінде таныған және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралы бойынша баға белгілеуді жариялап отыруға және ұстап тұруға өзіне міндеттеме қабылдаған қор биржасының мүшесі ;

10) рұқсат ету бастамашысы – бастамасы бойынша қаржы құралдары қор биржасының сауда жүйесінде немесе баға белгілеу ұйымының ақпараттық жүйесінде айналысқа түсуіне жол берілетін ұйым;

11) сауда алаңы – қор биржасының басқа бөліктерінен сауда-саттыққа қатысушыларға және айналыстағы қаржы құралдарына қойылатын ерекше талаптарымен, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәміле жасасу және оларды орындау шарттарымен өзгешеленетін қор биржасы сауда жүйесінің бөлігі;

12) сауда күні – қор биржасының барлық қаржы құралдары үшін немесе олардың жеке топтары үшін оның сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасалуы мүмкін күнтізбелік күн шегіндегі белгілеген кезеңі;

13) сауда жүйесіндегі айналыс – қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын қандай да болмасын өзге қаржы құралының мәміленің мәні болу мүмкіндігі;

14) сауда-саттыққа қатысушы – осы қор биржасының сауда жүйесін пайдалану арқылы мәміле жасасуға рұқсат берілген және ол ұйымдастырған сауда-саттыққа қатысатын қор биржасының мүшесі;

15) сауда-саттықты ұйымдастырушы – қор биржасы және баға белгілеу ұйымы;

16) сауда сессиясы – сауда күнінің бөлігі;

17) төлемге қарсы жеткізілім – бір тараптың қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі мәмілесі бойынша міндеттемелерін орындау басқа тараптың қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі мәмілесі бойынша қарсы міндеттемелерін орындамай жасау мүмкін еместігі кезіндегі қаржы құралдарымен мәмілелерді орындау әдісі;

18) трейдер – осы қор биржасының сауда жүйесін пайдалану арқылы қор биржасының мүшесі атынан мәмілелер жасауға және өзге іс-әрекеттерді орындауға уәкілетті жеке тұлға;

19) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері (клиенттері)»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар өзге заңды тұлғалар қор биржасының мүшелері болып табылады.

Тек бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары ғана баға белгілеу ұйымының клиенттері бола алады.

Қор биржасының мүшесі болу (баға белгілеу ұйымының клиенті болып қабылдану) шарттары мен тәртібі оның ережесімен айқындалады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесі – брокер және (немесе) дилер сауда-саттықты ұйымдастырушыны уәкілетті орган осы брокерге және (немесе) дилерге және (немесе) оның қызметкерлеріне қатысты қабылдаған кез-келген санкциялар мен шектеулі ықпал ету шаралары туралы хабардар етеді.»;

3, 4 және 5-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 . Т р е й д е р л е р » ;

«4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары» ;

«5. Қор биржасының сауда жүйесі және баға белгілеу ұйымының ақпараттық жүйесі
» ;

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

«29-1. Қор биржасының сауда жүйесі осы Ережеде және қор биржасының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда осы өтінімді беруді жүзеге асырған сауда-саттыққа қатысушыға тиісінше хабарлай отырып осы өтінімді қабылдамауға (өтінімді қабылдаудан бас тартуға) мүмкіндік жасайды.»;

6 және 7-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сауда-саттықты ұйымдастырушының резервтік орталығы»;

«7. Сауда-саттық жүргізу және қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Қаржы құралдарымен қор биржасы өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасуды оның қатысушылары қор биржасының белгілі қаржы құралына қатысты немесе белгілі аянда пайдалануға рұқсат етілген сауда-саттық әдістері көрсетілуі тиіс ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте іске асырады.»;

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

«34-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен сауда-саттық жасаған кезде оларды бастапқы орналастыру кезінде қор биржасының тиісті мүшелік санатындағы, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар екінші деңгейдегі банктер немесе жинақтаушы зейнетақы қорлары немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын мүшелері қатысады. Брокер болып табылатын екінші деңгейдегі банк көрсетілген сауда-саттықтарға екінші деңгейдегі банктер, жинақтаушы зейнетақы қорлары, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын клиенттердің тапсырмасы бойынша, есебінен және мүддесінде мәмілелерді жасау шартымен брокер ретінде іс-әрекет жасайды. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сауда-саттықтарға тек жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен және мүддесінде ғана қатысады.

Қор биржасы сауда жүйесінде мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға арналған , екінші деңгейдегі банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) « өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарының активтері есебінен берілмейтін өтінімдерді автоматты түрде қабылдамауға мүмкіндік жасайтын теңшеулер орнату арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптың орындалуын қамтамасыз етеді.»;

8, 9, 10 және 11-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Маркет-мейкерлер қызметі»;

«9. Қор биржасының бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру талаптары мен тәртібі» ;

«10. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді растау»;
«11. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді орындау».

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде өзінің қызметін және ішкі құжаттарын осы қаулының талаптарына с ә й к е с к е л т і р с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко